

- 3) балалардың оқу орнындағы сабақтарға қатысуын қамтамасыз етуге;
 - 4) білім беру ұйымдары қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
 - 5) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп нормасына қойылатын талаптарды орындауға;
 - 6) білім беру ұйымында белгіленген киім нысанын сақтауға міндетті.
39. Педагог қызметкердің құқықтары мен міндеттері.
- Кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде педагог құқылы:
- 1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау шартымен кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;
 - 2) лауазымды және басқа да адамдар тарапынан заңсыз қарым-қатынастан және кедергіден қорғануға;
 - 3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қарауға;
 - 4) кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етілуге;
 - 5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;
 - 6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда шығармашылық бастамашылыққа, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;
 - 7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқу құралдарын, оқу материалдары мен оқыту, тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға;
 - 8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;
 - 9) жұмыс орны бойынша сайлану және сайланбалы лауазымға орналасуға;
 - 10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;
 - 11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
 - 12) кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға;
 - 13) үздіксіз кәсіптік дамыту және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;
 - 14) біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға;
 - 15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогикалық қызметті жүзеге асыруға;